

# ТӘУЕЛСІЗДІК ЕЛ БАҚЫТЫ

**ТӘУЕЛСІЗДІК – КЕЗ КЕЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСТЫ БАЙЛЫҒЫ. ӘРТҮРЛІ ХАЛЫҚТАР ӘРТҮРЛІ ЖОЛМЕН ТӘУЕЛСІЗДІККЕ РЕВОЛЮЦИЯЛАР, СОҒЫСТАР, ҰЛТАЗАТТЫҚ СОҒЫСТАР АРҚЫЛЫ ЖЕТЕДІ. ТӘУЕЛСІЗДІК БІЗГЕ ОҢАЙЛЫҚПЕН ЖЕТКЕН ЖОҚ. ХАЛҚЫМЫЗ ХVIII ҒАСЫРДА ЖОҒАРЛАРМЕН БОЛҒАН ҚАСІРЕТТІ ЖЫЛДАРДАН БАСТАП, «АҒЫРЫҚАЙ ШАЙҚАСЫ», «БҰЛАНТЫ ШАЙҚАСЫ» ЖӘНЕ «АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ АЛҚАКӨЛ СҰЛАМАҒА» ҰШЫРАП, ТАЛАЙ-ТАЛАЙ ҚАСІРЕТТЕРГЕ КЕЗ БОЛДЫ. ҚАНДАЙ ДА ҚИЛЫ ЗАМАН БОЛСА ДА ТӘУЕЛСІЗДІК ҮШІН КҮРЕСІН ТОҚТАТҚАН ЖОҚ. ТАЛАЙ ӨЗЕГІ ӨРТЕНГЕН ӨКІНІШТІ ЖАНДАР МЕН ҚУАНЫШТАН ЖҮРЕГІ ЖАРЫЛА ШАТТАНҒАН ПЕНДЕЛЕРДІҢ КҮӘГЕРІ БОЛҒАН ҚАСИЕТТІ ОТАНЫМЫЗ – ҚАЗАҚСТАН!**

Қазақстан – тәуелсіз ел. Сол тәуелсіздік жолында қазақ бабам не көрмеді десеңізші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Әсіресе, ХХ ғасыр қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңімен есте қалды. Мың тоғыз жүз он алтыншы жылдағы көтеріліс, жиырмасыншы жылдардағы аштық, отызыншы жылдардағы тоталитарлық жүйе, ұлы Отан соғысы, мың тоғыз жүз сексен алтыншы жылғы жерді дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасы. Бұның барлығы да қазақ жеріне ауыр жара салды. Қанша қиыншылық келсе де, біз оларды ешқашан ұмытпаймыз. Себебі, бұл – тарих. «Өткенімізді ұмытсақ, болашақ бізді кешірмейді» деген ұлы даналық сөз бар. Жоғарыда атап өткендей Қазақстан үшін 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы халықтың егемендікке және өзін-өзі билеуге ұмтылысының бастауы болды. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңды қабылдады. Биыл біз басты ұлттық мереке – Тәуелсіздік күнінің, «Қазақстан Республикасы» деп аталатын егеменді мемлекеттің құрылғанының 30 жылдығын тойлап отырмыз.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан өркендеген, халықаралық аренада танымал дамушы елге айналды. Елбасы 2021 жылды Тәуелсіздіктің 30 жылдығы деп жариялады. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) толық құқықты мүшесі болды, сонымен қатар Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕКҰҰ), Шанхай ынтымақтастық Ұйымының (ШҰҰ), Тәуелсіз

Достастықтың мүшесі болды. Мемлекеттер (ТМД), Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО), Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы (ҰҚШҰ) және басқа ұйымдар құрамына енді.

Тұңғыш Президенттің рөлін атап өтпеу мүмкін емес, оның арқасында елімізде көптеген жетістіктерге қол жеткізілді, тіпті Тәуелсіздік алғанға дейін елді басқарды. «Бай тарихы мен тамыры терең ел Қазақстан үшін бұдан асқан құндылық жоқ. Бұл – ең қымбат қазына, ең құпия мүлік. Сондықтан біз ата-бабаларымыз армандаған Тәуелсіздікті бағалаймыз. Егемендік – бұл кез келген ұлтқа тиесілі емес баға жетпес байлық. Тәуелсіздігіміздің шежіресі Тұңғыш Президент – Елбасының тарихи тұлғасымен тығыз байланысты», – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бүгінде Қазақстан – 18,8 миллионға жуық халқы бар көпұлтты ел және тату-тәтті өмір сүруімен ерекшеленеді. Сонымен қатар экономикалық әлеуеті бар динамикалық дамушы ел, Қазақстан тиімді амалы мен шараларымен бәсекеге қабілетті экономикасы бар 10 мемлекеттің қатарына кіруге мүмкіндік беретін өте өршіл жоспарлары бар аймақтық көшбасшы болып саналады.

Қазақстанның басты жетістіктерінің бірі – елорда Нұр-Сұлтан қаласының құрылысы. Аз уақыт ішінде елдің айрықша белгісіне айналған заманауи қала пайда болды. 1999 жылы Қазақстанның астанасын әлем мойындады. Қала ЮНЕСКО -ның Бейбітшілік қаласы сыйлығымен марапатталды. Бұл марапат қысқа мерзімде әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуға үлкен нәтижелерге қол жеткізген планетаның жаңа қалаларына беріледі. Бүгінде Нұр-Сұлтан – бұл әкімшілік орталық қана емес, еліміздің тәуелсіздігі мен дамуының символы. Қала халықаралық саяси және мәдени іс-шаралар алаңына айналды.

Ширек ғасырда тәуелсіз Қазақстан экономикада, өнеркәсіпте және басқа салаларда ғана емес, білім беру саласында да табысқа жетті. ҚР Білім және ғылым министрлігінің мәліметі бойынша, еліміздің 8 университеті әлемнің үздік университеттерінің әлемдік рейтингіне енді, оның ішінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ, ҚазҰПУ, Абай атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, ҚБТУ, М.О.Әуезов пен Абылай Хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жайлы ақпарат беріп кететін болсақ, 1934 жылдың 15 қаңтары – КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі мен Бүкілодақтық Қазақ партия комитетінің қаулысымен педагогикалық институт негізінде құрылған Қазақ Мемлекеттік университетінің (ҚазМУ) ресми ашылу күні өтті.

1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін университеттің ең маңызды міндеті жаңа жолды таңдау болды. Дамудың жалпы векторы ретінде



**Орымбаева А.А.,  
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,  
Шет тілі кафедрасының оқытушысы, магистр**



**Әбдіжаппар А.Ә.**

ҚазҰУ әлемдік білім беру жүйесіне дәйекті интеграция мен мамандарды даярлаудың халықаралық стандарттарына көшуді анықтады. Университеттің мәртебесі айтарлықтай өзгерді, ол егемендіктің бірінші жылында Шығыстың ұлы ойшылы «Аристотельден кейінгі екінші ұстаз» Әбу Насыр ибн әл-Фарабидің есімімен аталды.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университеті» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының автономды мемлекеттік жоғары оқу орны ретінде ерекше мәртебесі туралы ереже 2000 жылғы 25 шілдеде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілді.

Биология және биотехнология факультеті университетіміздің 1934 жылы құрылған-нан бері жұмыс істеп келе жатқан ең көне факультеттерінің бірі. Ғылыми-зерттеу және заманауи білім беру бағдарламаларына сәйкес бұл факультет «Биология және биотехнология факультеті» деп аталатын өз атауын мақтан тұтады. Бүгінгі таңда бұл екі ғылыми-зерттеу институты (ҒЗИ) бар ірі инновациялық ғылыми-білім беру орталығы: Биология және биотехнология мәселелері ҒЗИ және Экология мәселелері ҒЗИ, мұнда заманауи биологияның, экологияның, биотехнологияның көптеген бағыттары бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізіледі. Кейбір жетекші ғылыми орталықтармен және университеттермен белсенді халықаралық ынтымақтастықтың арқасында оқытушылар құрамы академиялық ұтқырлық үшін нақты мүмкіндіктер жасайды. Студенттер 1-2 оқу семестрінде шетелдік жоғары оқу орындарында оқи алады және оқу бағдарламаларын сәтті жүзеге асыру нәтижесінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің де, шетелдік университеттің де қос дипломына ие бола алады. Біздің факультеттің барлық оқытушылары мен студенттері үнемі тілдік дағдыларын жетілдіріп отырады. Жыл сайын биология мен биотехнологияның заманауи тенденциялары бойынша дәріс оқуға және мастер-класстар өткізуге шетелдік жоғары оқу орындарынан 30-дан астам ғалым келеді. 2018 жылдың 15 қаңтарында университетте ақпараттық технологиялар факультеті ашылды. Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыруға арналған, оның негізгі үлесі Қазақстанды цифрландыруға, атап айтқанда, ақпараттық технологиялар, жасанды интеллектпен жұмыс жасауды арттыруға арналған», – деп атап өтті. IT (Ақпараттық жүйе) факультетінің миссиясы – ұлттық экономиканың қарқынды дамып келе жатқан IT секторы үшін әлемдік деңгейдегі жоғары білікті мамандарды дайындау. Жаңа факультетті құрудың стратегиялық мақсаты – заманауи IT нарығының қажеттіліктерін және қазіргі заманғы технологиялардың талаптарын ескере отырып, IT мамандарын даярлау саласында әлемдік және ұлттық білім беру кеңістігіне елеулі үлес қосатын ғылыми-білім беру орталығын құру болып табылады. Университеттің бір бөлігі болып, мұғалім қызметін атқарып жүргенімізді мақтан тұтамыз.

Сондай-ақ, Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда Қазақстан Республикасы Президенті-нің «Болашақ» халықаралық стипендиясы енгізілді, Болон процесінің мүшесі болды. Еліміздің 11 ЖОО мен 10 колледжінде индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасын іске асыру үшін білікті кадрлар дайындалуда.

Биыл Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, Тәуелсіздіктің 30 жылдығы нақты істермен және жобалармен атап өтіледі. Президент атап өткендей, «мерейтой экономикалық және саяси реформалармен, цифрландырумен, балалар мен мүгедектердің құқықтарын қорғаумен және экологиялық мәселелерді шешумен өтеді». Бұл уақытылы және дұрыс шешім, негізгі тарихи даталарды идеологиялық тұрғыдан атап өту қажет. Кез келген ел сияқты Тәуелсіз Қазақстан да өз халқының жоғары өмір сүру деңгейіне, заманауи технологияларға негізделген гүлденген экономикаға, сыртқы саясатта тең құқылы қарым-қатынас орнатуға ұмтылады. Есте сақтау керек, тәуелсіздік – барлық азаматтардың бірлескен күш-жігерімен қорғалатын және нығайтылатын нәзік нәрсе. Тәуелсіздік ащы термен келген тәтті жеңіс. Төгілген қанның, өлмеген жігердің отымен келген ұлы күн. Тәуелсіздік ел және ата-бабалар бақыты. Мерейтойың құтты болсын, Қазақстан!

## ҒЫЛЫМҒА НИЕТ пен ТАЛАП КЕРЕК

Ғылым жүйелі білім мен ғылыми тәжірибені меңзесе, ал, арнайы мағынада ғылыми әдістер арқылы жинақталған логикалық білім жүйесін көрсетеді. Яғни ғылым ғылыми білімдерді ғана емес, сол білімдерге қол жеткізудің барлық жолдары мен әдістерін түгел қамтитын біртұтас кешенді жүйе.

Қара шаңырақ ҚазҰУ-дың физика және техникалық факультетінің теориялық және ядролық физика кафедрасы жайлы сөз қозғасақ. Кафедрада 1955 жылдан Ғ.Ж. Мырзағалиев, ал 1959 жылдан бастап Т.М. Кучина жұмыс істей бастады, 1962 жылы оқытушылар құрамы З.А.Гольдбергпен толықтырылды. Оның келуімен кафедрада жаңа ғылыми бағыт – бейсызықты акустика ғылым пайда болды. Басқа, Ядролық тақырыппен байланысты ғылыми бағыт, кафедраға 1969 жылдан бастап М.Ә.Жүсіповтің және Т.Ә.Қожамқұловтың келуімен дами бастады.

1970 жылы теориялық физика кафедрасының меңгерушісі болып М.М.Әбділдин тағайындалды. Оның жетекшілігімен жалпы

салыстырмалылық теориясы және гравитация ғылыми бағыты табысты дамыды.

1982 жылдың желтоқсан айында КСРО ЖБ Министрлігінің бұйрығымен С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университеті жалпы салыстырмалық теориясы бойынша алғашқы оқу орны болып тағайындалды.

1981–1986 жылдары кафедраны есімі кванттық хромодинамика ғылыми бағытының пайда болуымен тығыз байланысты Т.Ә.Қожамқұлов басқарды. 80-ші жылдарында кафедраның ғылыми потенциалы одан әрі күшейді: М.М.Әбділдин (1985 ж.), Т.Ә.Қожамқұлов (1986 ж.) теориялық физика бойынша докторлық диссертацияларын қорғады, кафедра түлектері, жас ғылым кандидаттары, М.С.Омаров, Н.А.Буркова, О.И.Имамбеков, Т.Д.Каипов, К.А. Жақсыбекова оқытушылық қызметтерін бастады, 1985 жылы кафедрада өрістер теориясы бойынша мамандар М.С.Имашев және А.М.Кусаинов жұмыс істей бастады. 2002–2006 жылдар аралығында

профессор В.И.Руськин кафедрада «Өрістердің кванттық теориясынан» дәріс оқыды. 2003 жылы М.М.Әбділдин ҚР ҰҒА академигі болып сайланды. Профессор Т.Ә.Қожамқұлов 1994 жылы Халықаралық жоғарғы мектеп ғылымдар академиясының академигі, 2008 жылы ҚР ҰҒА академигі болып сайланды, 2001–2008 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры болды. 2007 жылы К.А.Жақсыбекова және Н.А. Буркова докторлық диссертацияларын қорғады. 2008 жылы кафедраның меңгерушісі ф.м.ғ.к. М.Е.Абишев тағайындалды. Ол 2009 жылы докторлық диссертациясын қорғады.

Кафедраның алғашқы PhD докторы Т.Мырзақұл диссертациясын қорғады. 2009 жылы А.Бошқаев және Ж.Н.Бришева, 2010 жылы А.М.Жусупов, 2011 жылы А.С.Таукенова PhD диссертацияларын қорғады. 2011 жылы оқытушы Г.С.Нұрбақова «Теориялық физика» мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғады.

**Бейсенбі Т., Ошақбай Н.**